

ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУ

Касимова Сабира Бахбергеновна
Педагогика ғылымдарының магистрі
Педагог - зерттеуші
№55 орта мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі
Алматы облысы, Іле ауданы

Қазіргі заманда өз ойын анық айта алатын, шешен сөйлей білетін ұрпақ тәрбиелеп өсіру – бастауыш сынып мұғалімінің алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастыру жұмысы жүйемен, бағытпен іске асырылады. Бастауыш сынып кезеңі — әсіресе бірінші сынып баланың қалыптасу кезеңі. Олай болса, тіл тазалығы, ой дәлдігінің даму кезеңі.

Тіл дамытудағы тиімді тәсілдердің бірі – шығармашылық тапсырмалар. Шығармашылықтың түрі әр алуан, мәні біреу – ол жаңа мазмұн жасау. Шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы әрбір бала өзінің таланттылығын, қабілеттілігін, бейімділігін көрсете алады.

Өртүрлі шығармашылық тапсырмалар орындауда шағын топтармен жұмыс жасау – бұл ең әйгілі стратегиялардың бірі, өйткені ол оқушылардың жұмысқа қатысуына, ынтымақтастық дағдысын тәжірибеден өткізуде, тұлға аралық өзара қарым – қатынаста (белсенді тыңдау, жалпы пікір қалыптастыру, өзіндік көзқарастың шығуына рұқсат беру, өзгені тыңдап, өзін тыңдата білу) оқушы тілін дамытуға зор мүмкіндіктер берді. Берілген тапсырманы оқушылар үлкен қызығушылықпен орындады. Бұл сабақта сынып топ болып жұмыс істей алды. Бірінің білмегенін бірі айтып, білгендерін ортаға салып, берілген материалдарды тиімді пайдаланып ізденімпаздық қабілеттерін көрсете білді. Топпен жұмыс жасауда оқушыларды сырттай бақылап, тек қажет болған жағдайда ғана көмекке барған жөн. Іскерлік және білім дағдылары тапсырмалар арқылы тексеріліп, бағаланады.

Міне, осындай сабақтарда сыныптағы оқушылардың және жеке оқушының қабілетін, шығармашылық мүмкіндігін зерттеп білуге мүмкіншілік туындайды. Оқушының жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады. Осындай мәселерді ескере отырып, сабақ беретін сыныптардың ішінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын, соған талпынысы бар оқушыларды сабақ барысында анықтаймын. Осы оқушылармен жеке жұмыс жасап, күрделі тапсырмалар бере бастаймын. Ізденуші оқушылар өз тақырыбының ерекшеліктерін, өзектілігін, маңыздылығын сезіне отырып түрлі әдіс - тәсілдер арқылы өзін қанағаттандыратын нәтижеге жетіп отырады. Ізденіс барысында оқушыларға шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Оқушылар дүниетанымының мүмкіндігіне қарай, ғылыми түрде тапсырмалар беріледі. Оқушымен бірлесе отырып, ғылыми жұмыстың көкейкестілігін, шығармашылық аясын айқындап, осы міндеттер бойынша оқушылармен қосымша ізденуге жағдай жасай алады.

Шығармашылық жұмысын жүргізу барысында оқушылар төмендегідей іс - әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :

- | | | | | | |
|-------|-------------|------------|-------|-----------|----------|
| -өзін | қызықтырған | сұрақтарға | жауап | іздеу; | |
| - | іздену | барысында | түрлі | тәсілдер | қолдану; |
| - | өз | пікірін, | ойын | ашық | айту; |
| - | өз | бетімен | | қорытынды | жасау; |
| - | өзі | үшін | | жаңалық | ашу. |
- қызығушылығын қанағаттандыру.
- түсінгенін әңгімелеу
- сұрақтарға жауап беру
- кейбір үзінділерді жатқа айтқызу

- оқыған шығармасы бойынша таныс емес сөздерді сөздік дәптерге жазып отыру
- кейіпкерлер іс-әрекетіне баға беру
- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру
- ең соңында сол шығармаға ұқсас әңгіме жаздыру.

Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі. Өткен ғасырда Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Осы мақсатпен оқушыны шығармашылық жұмыстарға баулу арқылы тілін, ізденімпаздық қасиетін дамыту - басты қағидам. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялардың ерекше ықпал ететіні сөзсіз және әрбір әдіс - тәсілдің ұстаздар үшін маңызы өте зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Г. Граник, С.М. Бондаренко, А. Консеева. Секреты орфографии. Москва, 1991
2. Л.Я. Желтовская, Е.Н. Соколова. Формирование каллиграфических навыков у младших школьников. Москва, 1987.
3. Ш.Әуелбаева. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемесі. Алматы,
4. В.Г. Горецкий, В.А. Кирюшкин, А.Ф. Шанько. Уроки обучения грамоте. Москва, 1988.
5. Я.А. Коменский. Великая дидактика. Москва, 1955.
6. Ж.Б. Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 1992.
7. И.Н. Садовникова. Нарушение письменной речи у младших школьников. Москва, 1983.
8. Д.Н. Богоявленский. Психология усвоения орфографии. Москва, 1966.
9. Н. Әміріев. Ойдың көрінісі. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999,
10. Матюшонок. Жас ерекшелік физиология. Алматы, 1986.